

«ҚАЛАЛЫҚ ФОРУМЫНА - 2019» ҚАТЫСУ

Urban Forum шақыруымен Сәулет факультетінің оқытушылары IV және V курстарының студенттерімен бірге 04.10.2019ж. Бірлескен жобалау Халықаралық семинарына қатысты. «Алматыгенплан» ғылыми-зерттеу институтының ғимаратында отандық және шетелдік сәулетшілердің (Германия, Украина) дәрістері өтті.



Берлин техникалық университетінің сәулет докторы Сюзан Хоффманның сәулетшінің мемлекеттік мекемелер әкімшілігінің қолданушыларымен араласу әдісі ретінде терең теориялық негіздеу мен қатысу баяндамасын арнады. Балабақшалар мен университет кампустарын қайта құру бойынша жүзеге асырылған жобалар мысалында Сюзен партисипация әдісін көрсетті.

Тұрғындардың, студенттердің, балабақша жетекшілері мен балалармен әңгімелесу, ойындар, макеттер, калаждар жасау барысында бірнеше қажеттіліктер анықталды. Сәулетшілер олардың көзқарастарын сәулет ортасының кәсіби модельдеріне бейімдеді. Тиімді жобалау әдістемелік реттеу арылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар сәулетшілер пайдаланушылармен бірге функционалдықпен қатар атмосфералықты анықтауға тырысты.

Қатысушыларды Киев қаласының мэриясын қайта құру тәжірибесі бар сәулетші Юрий Грановский осы әдіспен таныстырды. Халықаралық фестивалда таныстырылған тиімді жобалау әдісі қызықты. Оның өзектілігі жобалау мен жүзеге асырудың 10 жылдық тәжірибесімен тексерілген. Студенттер мен Сәулет факультетінің оқытушыларына әдістемелік жоспарда бұл семинар барлық мамандандыру бойынша дипломдық жобалауда өте маңызды рөл атқарды.

СФ сәулет докторы., профессор қызметін атқарушы Козбагарова Н.Ж.